



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

II КНИГА

Қостанай, 2022

УДК 37.02
ББК 74.00
II 23

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Доцанова Алма Иргибаетна, Председатель Правления - Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтурсынова, кандидат экономических наук, профессор;
Исмуратова Галия Суиндиковна, и.о. проректора по научно-инновационному и международному развитию Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова, доктор экономических наук, профессор;
Скударева Галина Николаевна, кандидат педагогических наук, доцент, заведующий кафедрой педагогики и психологии ГОУ ВО Московской области «Государственный гуманитарно-технологический университет»; Почетный работник общего образования Российской Федерации, г. Орехово-Зуево, Россия;
Чекалева Надежда Викторовна, профессор, доктор педагогических наук, заведующая кафедрой педагогики Омского государственного педагогического университета, директор научного центра РАО, член - корреспондент РАО, г. Омск, Россия;
Бектурганова Римма Чингисовна, доктор педагогических наук, советник ректора по педагогическому направлению Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;
Ахметов Тлеген Альмуханович, и.о. директора педагогического института им. У.Султангазина Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынов, кандидат педагогических наук, профессор;
Демисенова Шнар Сапаровна, заведующий кафедрой педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор;
Утегенова Бибикуль Мазановна, кандидат педагогических наук, профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;
Смаглий Татьяна Ивановна, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;
Жетписбаева Айсылу Айратовна, заведующая методическим кабинетом им. Ы.Алтынсарина кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова

II23 «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі»: 2022 жылдың 11 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтурсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022. – 365 б. = «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов»: Материалы международной научно-практической конференции, 11 февраля 2022 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, 2022. – 365 с.

ISBN 978-601-356-122-6

Жинаққа «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланған мәселелердің әртүрлілігі мен кеңдігі мақалалар авторлары үздіксіз білім беру саласын педагогтарды жаңаша даярлау бағдарымен байланыстырып, әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімді тәжірибесін көрсету, білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігін негіздеу, инновациялық технологиялар мен білім алушылардың тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау туралы зерттеулерін еңгізді. Бұл жинақ материалдары ғалымдарға, ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагогтар мен психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей раскрыть сущность, тренды и тенденции непрерывности педагогического образования с учетом достижений науки и практики, показать эффективные практики реализации образовательных программ разного уровня, обосновать необходимость совершенствования профессионализма педагогов в условиях новых вызовов в образовательной практике, представить инновационные технологии и форматы психолого-педагогического сопровождения развития личности обучающихся.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

УДК 37.02
ББК 74.00

ISBN 978-601-356-122-6

© А.Байтурсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022
© Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, 2022

8. Положение о порядке ликвидации академической задолженности ГБОУВО РК «КИПУ» [Электронный ресурс] // Локальный нормативный акт ГБОУВО РК «КИПУ» от 28 января 2015 г. URL: http://kipu-rc.ru/downloads/2015/02/poloj_ enie_ akadem_ zadolj_ enost.pdf.
9. Ю.К.Бабанский Оптимизация процесса обучения (аспект предупреждения неуспеваемости): Дисс. докт. пед. наук. М., 1973.
10. Положение о кураторстве студенческой группы ГБОУВО РК «КИПУ» [Электронный ресурс] // Локальный нормативный акт ГБОУВО РК «КИПУ» от 28 января 2015 г. URL: http://kipu-rc.-ru/poloj/polojenie_o_kuratorstve_st_gr.pdf.

УДК 376.22

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ПӘНІ – АДАМГЕРШІЛІКТІҢ БАСТАУЫ

Каженбаева Айжан Есетовна,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті доценті

Карабаева Нургуль Бакбергеновна,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті магистрі

Атырау қ, Қазақстан

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты: Мақалада инклюзивті білім берудің мақсаты, міндеті, маңызы «инклюзивті білім беру» пәні арқылы білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу қарастырылған. Сонымен қатар мақалада инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдерді әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа даярлау тәжірибесі және бүгінгі қоғамдағы орны мен ерекшеліктері айқындалған.

Түйінді сөздер: Инклюзивті білім беру, ерекше балалар, әлеуметтік-педагогикалық жұмыс.

Аннотация

Актуальность и цель: В статье рассматриваются цель, задачи и значение инклюзивного образования, формирование у учащихся нравственности через дисциплину «Инклюзивное образование». В статье определены практика подготовки педагогов к социально-педагогической работе в условиях инклюзивного образования, ее место и особенности в современном обществе.

Ключевые слова: инклюзивное образование, особые дети, социально-педагогическая работа.

Abstract

Relevance. Goal: The article discusses the purpose and objectives of inclusive education, the formation of mercy and morality in students through the subject of «inclusive education». The article also defines the practice of preparing teachers for social and pedagogical work in the context of inclusive education, its place and features in modern society.

Keywords: inclusive education, special children, socio-pedagogical work.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев Ұлттық қоғамдық Сенім кеңесінің VI отырысында: «Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны көбейіп барады. Олар кезегі келген кезде толық оңалтудан өтуге мәжбүр. Балалар сапалы білім алуы керек. Мемлекет тарапынан арнайы психолог мамандардың даярлануына назар аударылуы керек» – деген болатын.

Инклюзивті білім беру ерекше оқытуды қажет ететін балаларды сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін ұйымдастыру. Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдениетникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан сапалы білім беру орта

сына қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың жан-жақты білім алуы үшін әлеуметтік бейімделуін, әлеуметтік ортаға енуін көздейді.

«Инклюзия» ағылшын тілінен аударғанда «қосылу», «араласу» ұғымын білдіреді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты – барлық білім алушыларды оның жасына, жынысына, этникалық ерекшеліктеріне қарамастан әлеуметтік ортаға бейімдеу, баланың жеке қажеттілігіне түзету-педагогикалық, отбасылық, әлеуметтік қолдау көрсету, олардың дене бітіміндегі, интеллектілік, эмоциялық, тілдік даму ерекшеліктеріне қарамастан жалпы білім беретін мектептерге қалыпты балалармен бірге педагогикалық үрдіске қосу.

Инклюзивті білім берудің міндеттері: білім алушы ерекше оқушылар өздерін қоғамның белсенді мүшесі ретінде сезінетіндей, оқуға ынтасы артатындай әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, яғни қолайлы қолжетімді білім беру ортасын құру, инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдарды мамандармен қамтамасыз ету, ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың техникалық, кәсіптік және жоғарғы білім алуларына жағдай туғызу, инклюзивті білім беру саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

Инклюзивті білім берудің басты шарты – бала психикасының қалыпты болуы және ерекше балалардың қалыпты ортада өмір сүруі.

XX ғасырдың 20-шы жылдарында педагогика мен психологияда «орта» ұғымы кеңінен қарастырылды. Мәселен, педагог С.Т.Шацкий «педагогикалық орта», психолог П.П.Блонский «баланың қоғамдық ортасы», педагог А.С.Макаренко «қоршаған орта» ұғымдарына түсініктер берді.

Чехтың ұлы педагогы Я.А.Каменскийдің «Ұлы дидактика» атты еңбегінде оқу мекемесінің кеңістіктік-заттық ортасы ең алдымен, бала үшін тартымдылық тұрғысында қарастырылды: «Мектептің өзі сырттай және іштей керемет әсер қалдыратындай, жағымды орын болуы керек. Оның іші ашық, жарық, таза, балаға қызықты суреттермен безендірілуі керек: ұлы адамдардың портреттері, географиялық карталар, тарихи ескерткіштер, эмблемалар. Ал сыртқы жағында серуендеуге және ойындарға арналған алаң болуы керек, сонымен бірге ағаштардың, гүлдер мен шөптердің кереметін қызықтауға мүмкіндік беретін саябақтың болуы балаға әсер етері сөзсіз. Егер бала ортасы осындай жағдайда болса, онда балалар мектепке керемет нәрсені көруге, тыңдауға барғысы келетіндей сезімде болады» – деген болатын.

Орыс психологы Л.С.Выготский өзінің «Кемтар балалар психологиясы» атты еңбегінде: «Кез-келген кемшілік баланың ортамен қарым-қатынасын шектеуден, балаға адамзаттың мәдени, әлеуметтік тәжірибесін игеруге кедергі келтіруден» – деді. Бұл пікір ерекше балаларды қоғамдық ортаға қосудың маңыздылығын, адам өмірінде оның дамуы үшін әлеуметтік ортаның атқаратын әсерінің зор екендігін түсіндіреді.

Итальян педагогы Мария Монтессори тұлға дамуындағы тірек факторы ретінде білім берудің кеңістік-заттық ортасына ерекше назар аударды. Күнделікті практикалық жаттығуға арналған материалдар: түсі, формасы, көлемі, тиімділігі, тартымдылығы бойынша балалардың қажеттілігіне жауап берулері керек. М.Монтессори баланың сабақ оқитын ортасын тәртіпке келтіру, олардың әлеуметтік үлгілерді меңгерулеріне, ішкі рухани құрылымды құруға ықпал ететінін айта келіп, кеңістік-заттық білім беру ортасының архитектуралық элементтеріне көп зейін аударды: «Сабаққа арналған бөлмелер оқу корпусынан бөлек, таңғы аулада орналасса, онда балалар үй жануарларымен өзара әрекеттесу мүмкіндігіне ие болып, өсімдіктерді күтсе, ол да білім, тәрбие беру ортасы болады» – деді.

Қазіргі кезде Монтессори әдісі дүниежүзінің алуан түрлі елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да кең танымал.

Ерекше балаларды әлеуметтік ортаға енгізу – балалардың өз жағдайына қарай білім алу ортасына әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру.

Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі, ерекше балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің негізгі факторы. Ерекше баланы әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы бар, алғашқысы – ерекше баланың өзін қоршаған ортаға бейімдеу, оның басты кемшілігі – ерекше баланың өзін ғана ортаға дайындау, бұл біржақты үрдіс, бұл жолмен керекті нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес, әлеуметтену үрдісі екі жақтылы болғанда ғана баланы әлеуметтік ортаға кедергісіз енгізуге болады, яғни баланы әлеуметтік ортаға енгізу дайындығымен қатар, әлеуметтік ортаны ерекше баланы қабылдауға дайындау.

Инклюзивті білім беру ортасы төмендегі мәселелерді шешуді көздейді:

- Білім беру кеңістігіне қарай әрбір ерекше баланың дұрыс бейімделуі;
- Баланың ерекшелігіне қарай білім беру, тәрбие процесін қайта құру;
- Ортада қолайлы психологиялық ахуал орнату;
- Ерекше балалардың білім беру процесіне толық қатысуын қамтамасыз ету;
- Жалпы білім беретін мектептерде ерекше балаларды қалыпты балалардың үнемі жағымды қабылдауына назар аудару;

Сынып бөлмесінің қолжетімділігі – бұл инклюзивті білім беру ортасында баланы бейімдеп оқытудың маңызды шарты. Мысалы: тірек-қимыл бұзылыстары бар балалар, яғни туылғаннан деформацияға ұшыраған балаларды білім беру үрдісіне қосуда сыныптың кең болуы, баланың арбамен еркін қозғала алуы, бұл – баспалдақты жолдар бар аймақтарға пандустар орнату, арбада қозғалатын ерекше балалар қозғалыс үшін әртүрлі құралдарды пайдалану (пандустар, балдақтар, таяқтар), баланың мүгедектер арбасында отырып, қозғалуы үшін есіктің жақтауларын кеңейту, сынып есіктері өзінің құрылымы бойынша кең, оны арбада отыратын бала оңай аша алуы керек.

Көруінде бұзылыстары бар балалар үшін есіктердің толығынан ашылатын және толық жабылатын құрылымда болуы қажет, көруінде бұзылуы бар балаларға арналған сыныпта, жиһаздың орнын жиі ауыстырмаған дұрыс. Көруінде бұзылуы бар балалармен жұмыс жасау үшін бірқатар қосымша факторларды ескеру қажет: егер баланың көруі өте әлсіз болса, заттар әрдайым бірізділікте орналасып, көруі нашар бала осы кеңістікті бағдарлай алуы керек. Егер сабақтар басқа орында өткізілетін болса немесе сыныптағы заттардың орындары ауысып кетсе, онда мұғалім көруі нашар баланың зейінін осы өзгерістерге аударып, таныстырғаны жөн. Сынып бөлмесіндегі жарықтың түсуі де өте маңызды, көру патологиясы бар балалар сыныптың ең жарық бөлігінде отырулары керек, себебі олар көрнекі құралдар мен оқу материалдарын сол бөлікте ғана жақсы көре алады.

Естуінде бұзылуы бар балалар ең жақсы естілетін жерде, мұғалімнің ернінен жақсы «оқи» алатын және сыныптың басқа оқушыларының жауаптарын жақсы көре алатын бөлікте отырулары

керек, өйткені нашар еститін оқушылар көбінесе адамның ерніне қарап, оның сөзінің мазмұнын ұғынуға тырысады.

Эмоционалды-ерік әрекеттері бұзылған балаларды зейінді ырықсыз аударатын заттардың аз орналасқан бөлігіне отырғызған дұрыс, оларды артқы орындарға отырғызуға болмайды:

- терезенің алдындағы орындар, себебі эмоционалды-ерік бұзылыстары бар балалар белгілі бір оқу тапсырмасына зейіндерін бірден шоғырландыра алмайды;
- ынталандырушы және дамытушы материалдар мен құралдар (қызылды-жасылды плакаттар, жануарлардың суреттері, аквариум) жиналған орындар баланың зейінін сабаққа бөлуіне кедергі жасайды;
- есіктің жанындағы немесе сабақ кезінде жиі қолданылатын құралдары бар, мұғалімнің шкафының жанындағы орындар, киімдігіш гиперактивті, агрессивті, үрейлі, девиантты балалардың зейіндерін сабаққа шоғырландыруға кері әсерін тигізеді.

Сыныптағы үстелдер мен орындықтардың биіктігіне назар аударған жөн, олар ерекше балалардың жайлы отырыстары үшін қолайлы болғаны дұрыс. Мысалы, партаның биіктігін көтеру тірек-қимыл аппараты бұзылған баланың арбасын оның жанына қолайлы орналастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сыныптағы балаларға арналған шкафтар мен стеллаждар барлық балаларға қолжетімді биіктікте орналасуы керек.

Инклюзивті сыныптағы дамытушы ортаны құру ерекше балалардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылады және ол келесі талаптарды қамтиды:

- Орта қалыпты және ерекше балалардың оқу және шығармашылық іс-әрекеті үшін қолайлы, барлық талаптарға жауап беретін, заманауи болуы қажет;
- Орта балалардың іс-әрекетін дамытудағы жаңа, перспективті деңгейге жетуді қамтамасыз етуі қажет;
- Орта ерекше балалардың өзекті, жақын және перспективті даму аймағын және оның шығармашылық қабілеттерін дамыту қажеттіліктерін қанағаттандыруы қажет.

Ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларды ортаға қосудағы кедергілер:

I-ден, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларда кездесетін кедергілер көп, мектепке дейінгі жолдың қашық болуы, транспорттың болмауы, дене шынықтыру залының баланың ерекшелігіне қарай жабдықталмауы, т.б.

II-ден, баланың отбасындағы ата-аналарының бала бұзылыстарына немқұрайлы қарауы, баланың кемтарлығын мойындамауы. Ата-аналардың балалармен жұмыс жасайтын мамандардың жұмыстарының мазмұнын түсінбеуі, олардан тек баласының сабақ үлгерімін ғана талап етуі, яғни ата-ананың баланың сабақ үлгерімін бірінші орынға қоюы. Ана-аналар ерекше балалармен жұмыс жасайтын мамандар баланың сабағын қарап, үй тапсырмаларын орындатып жіберулері керек деп түсінеді. Бұл жағдайда инклюзивті сыныптарда білім беретін ұстаздар мен мамандардың жұмыстарын ата-аналардың дұрыс түсінулері өте маңызды, ата-аналармен де жүргізілетін психологиялық жұмыстарға үлкен мән берулері тиіс: отбасылық қарым-қатынас, ата-анамен баланың татулығы, ата-анасы өзін қоғамның, құрбыларынан ерекше санайтын баласына кері эмоционалдық әсер бермеуі керек.

III-ден, келесі бір кедергі – орта, яғни мектеп мұғалімдері дамуында түрлі бұзылыстары бар балалардың психологиясын білмей, оларға білім мен тәрбие бере алмайды. Инклюзивті сыныптарда жұмыс жасайтын ұстаздар әрбір баланың өзіндік ерекшеліктерін, жан күйзелістерін жақсы түсінулері керек. Әрбір баланың қабылдауы, ойлауы, зейіні, қиялдауы әртүрлі, сондықтан ұстазға психологиялық білім өте қажет. Мұғалім, сынып жетекшілері бала өзін өзгелерден ерекше санамауына, қалыпты балалармен тең санауына көз жеткізуі керек, баланың ортада өзін еркін ұстауына қолдау көрсетіп, олардың ортаға бейімделуіне көмектесуі керек.

IV-ден, ерекше балалармен жұмыс жасайтын оқытушылар тарапынан жіберілетін басты қателіктің бірі – ұстаздар ұзақ жылдар бойы мектеп оқушыларын «жақсы оқитын оқушы», «нашар оқитын оқушы» деп ғана екі топқа бөлді, әрбір баланың өзіндік ерекшеліктерінің барына мән бермеді. Мәселен, түрлі мінез-құлық бұзылыстары бар балаларды көбінесе назардан тыс қалдырды. Күнделікті сабақты түрлендіріп, топпен, жұппен жұмыс жасай алған, сыныпта жағымды психологиялық ахуал орната білген мұғалім кедергісіз білім, тәрбие бере алады.

V-ден, сынып жетекшілерінің ұйымдастырушылық қабілетінің төмендегінен туындайтын қиыншылықтар. Мұғалімнің сынып оқушыларының өзіндік пікірлері мен ұсыныстарын ескеруі де маңызды, мұғалім ерекше оқушының сұраныстырын ескере отырып та түрлі кедергілерді жоя алады.

VI-дан, ерекше балалардың жиі ауырып, сабақтан көп қалуы. Баланың ағзасында болатын әлсіздіктер, сондықтан емдеу шараларын үнемі жүзеге асыру маңызды.

Ерекше оқытуды қажет ететін баланы ортаға бейімдеуде ата-ананың ролі зор, олар:

I-ден, баланың ерекшелігіне ерте жастан мән берулері керек; Кейбір ата-аналар 2-3 жаста ерекше баласын балабақшаға берсе, кейбір ата-аналар кеш ойлана бастайды. II-ден, кейбір ата-аналардың ерекше балаларға үнемі реніш білдіріп, олардан ұялуы, ата-ана ерекше балаға көмек қолын созуға үйдегі өзге балаларды да, баланың өзін де үйретулері керек. III-ден, ата-аналардың өзінің ерекше баласына аянышпен қарауы, ол даму мүмкіндігі бола тұра баланың дамудан кеш қалуларына әкеліп соғады.

Л.С.Выготский: «Бала бойындағы кемістігін толықтырудың екі түрлі ерекшелігі бар, оның бірі - бала психикасының даму шамасына қарай тәрбие талаптары, екіншісі – кемістігін қалпына келтірудегі өз бойындағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері» - деп атап көрсетеді. Сондай-ақ, ол бала бойындағы кемістікті әлеуметтік жолмен толықтыруға болады, ол үшін ерекше балаларға үнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі түрде жүргізіп отыру керектігіне ерекше мән берді.

Инклюзивті білім берудің маңыздылығы: Біріншіден, баланың дені сау, қалыпты балалармен еркін қарым-қатынас жасауына көмектеседі. Екіншіден, баланың жалпы қоғам дамуымен бірге дамуына әсер етеді. Үшіншіден, дискриминацияны, яғни шеттетуді жоюға, оны болдырмауға жағдай жасайды. Төртіншіден, ерекше оқытуды қажет ететін балалардың мүмкіндіктерінің артуына жағдай жасайды. Бесіншіден, қалыпты балалардың адамгершілік сапаларының дамуына әсер етеді.

2017-2018 оқу жылынан бастап Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің барлық педагогикалық мамандықтарының студенттеріне «Инклюзивті білім беру» пәні енгізілді.

Пән бойынша студенттер ерекше оқытуды қажет ететін балаларды әлеуметтендіру, оларды жалпы білім беру үрдісіне қосу, педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету және интеграция процесіндегі бірлескен оқытуды қамтамасыз ету жолдарын меңгерді.

Пән бойынша студенттер инклюзивті білім беруге енетін балалардың категорияларын: көзі нашар көретін, нашар еститін, тіл мүкестігі бар, тірек- қимыл аппараты зақымдалған, эмоционалды-ерік сферасы бұзылған, девантты мінез-құлықты, мигранттар мен тарихи Отанына оралғандардың отбасында тәрбиеленген, бірақ психикасы қалыпты балалармен және дарынды балалардың ерекшеліктеріне қарай жүргізілетін жұмыс түрлеріне, оларды жалпы білім беру үрдісіне қосу, педагогикалық-психологиялық қолдау, балалардың ата - аналарымен, оқытушылармен, педагогикалық ұжыммен жүргізілетін жұмыс түрлерімен дәрістік, семинарлық-практикалық сабақтар арқылы танысады.

Студенттерге бұл пәннен модуль бойынша критериалды бағалау кестесі жасақталды, онда студенттер ерекше оқытуды қажет ететін балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосуға байланысты портфолио дайындап, инклюзивті білім беру бойынша нормативтік- құқықтық ережелермен танысып, балалармен жұмыс жасау моделін құрастырды, шетелдік және Отандық ғалымдардың инклюзивті білім беру мазмұнында жазылған еңбектеріне, мерзімдік баспасөз беттерінде жарияланған ақпараттық материалдарға талдау жасады.

Студенттер қала мектептеріндегі инклюзивті сыныптардың жұмыстарымен танысып, сабақтарға қатысты, оқытушылар мен мамандардың кәсіби қызметіне, өздерінің тұрғылықты жерлеріндегі инклюзивті білім беру жағдайларына зерттеулер мен сауалнамалар жүргізілді, оларды салыстырды, категорияларға бөлді, өткен тақырыптармен байланыстырып, эссе дайындады, студенттер тақырыпқа сай слайдтар дайындап, бірнеше фильмдерді талдап, инклюзивті сыныптардың макеттерін жасап, болашақ инклюзивті сыныптарда жұмыс жасаудың алғашқы қадамдарын меңгерді.

Білім беру мекемелерінде студенттердің оқушыларға жүргізген сауалнамаларында берілген «Сіздердің сыныптарыңызда ерекше оқытуды қажет ететін балалардың білім алуына қалай қарайсыз?» деген сауалға оқушылардың жартысынан көбі «біз оларға түсіністікпен қарап, оларға көмек көрсетуге тырысар едік» деп жауап берді және оқушылардың көпшілігі өз жауаптарында ерекше балаларды өз сыныптарында қабылдауға дайын екендіктерін байқатты.

Студенттер тарапынан пәнге қызығушылық, өзбетімен жұмыста белсенділік байқалды, соңында студенттер 500 сөзден тұратын рефлексиялық есеп дайындап, модульдер бойынша презентациялар жасап, жобалар қорғады.

Университетте ерекше оқытуды қажет ететін студенттермен жүргізілетін тәрбиелік шараларға да үлкен мән беріледі, тәрбие шараларының мақсаты – ерекше оқытуды қажет ететін студенттерде кездесетін кедергілерді мүмкіндігінше жою, кемшіліктердің орнын толтыру, әртүрлі әлеуметтік кедергілерге қарсы тұратын тұлғаны қалыптастыру.

Дамуы ерекше студенттерді өзімен қатарлас қалыпты студенттермен бірге спорттық сайыстарға, түрлі байқауларға қатыстыру, олармен түрлі тақырыптарда тренингтер өткізу арқылы өмірге деген құштарлықтарын, танымдық қызығушылықтарын арттыру шараларын ұйымдастыруға ұстаздармен қатар, «Дефектология» мамандығының студенттері де ат салысып, өздерінің болашақ мамандықтарының ерекшеліктерімен танысады.

Университет көлемінде ұйымдастырылған «Қоғам және біз» атты тәрбиелік шара ерекше студенттердің өздерінің қатарластарымен бірге түрлі мәселелерді талқылап, өмірде кездесетін қиыншылықтарды өзбеттерімен шеше алуға, алдына дұрыс мақсаттар қою және оларға жетудің жолдарын талдауға бағытталған мәселелерге өз пікірлерін білдіруге мүмкіндіктер жасалды.

Атақты неміс педагог- дефектологы П.Шуман: «Баланың даму деңгейі төмен болған сайын, мұғалімнің білім деңгейі соғұрлым жоғары болуы керек» - деген болатын.

Осы мәселені зерттеуші ғалымдар да инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға мұғалімнің жоғары тұлғалық дайындығының қажеттілігін басты орынға қояды.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасайтын жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері кәсіби және тұлғалық даярлықты жүзеге асыруда білуге тиісті:

- Инклюзивті білім берудің ерекшеліктері;

- Инклюзивті білім беру жағдайындағы оқушылардың тұлғалық, жас ерекшелік, даралық даму заңдылықтарын білуі;
- Дамуы қалыпты және ерекше балаларды интеграциялап оқыту үшін оқыту үрдісін жоспарлаудың психологиялық және дидактикалық әдістерін қолдануы.

Ерекше балалармен жұмыс істейтін педагогтың базалық қасиеттері - эмпатия, педагогикалық оптимизм, гуманизм, балаларға сүйіспеншілік, шыдамдылық, ерекше баламен және өзге қалыпты балалармен қарым-қатынастағы белсенділік болса, «Инклюзивті білім беру» пәні бойынша студенттер қайырымдылық пен адамгершіліктің бастауы болатын жоғардағы аталған қасиеттерді өз бойларында қалыптастырып, болашақта ерекше баланың жанын терең ұғынатын ұстаз болатынына сенеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Исакова А.Т., Мовкебаева З.А., Закаева Г., Айтбаева А.Б., Байтурсынова А.А. Основы инклюзивного образования Алматы, 2013
2. М.Оспанбаева Инклюзивті білім берудің мазмұны мен әдістемесі Алматы, 2019
3. Z.A. Movkebaeva, A.T.Iskakova Inclusive education Almaty, 2016

УДК 37.013.42

ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО МЕТОДИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Казакова Ольга Викторовна,
магистр психологии, старший преподаватель
кафедры специального образования
Тайкенова Сауле Мажитовна,
студентка 4 курса
Костанайский региональный университет
им.А.Байтурсынова, г.Костанай, Казахстан

Аннотация

Мақалада инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қарастырылған. Инклюзивті білім беру арнайы және жалпы білім беретін мамандармен міндетті түрде ынтымақтастықты қажет етеді. Мамандар коррекциялық педагогика мен арнайы психологияның ақпараттық материалдарын, сонымен қатар сөздіктерді, электронды кітапханаларды, веб-сайттарды пайдалана білуі қажет. Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдайтын көптеген веб-сайттар бар. Осы сайттардың арқасында педагогтар, ата-аналар және СЭП балаларының өзара әрекеттесуі мүмкін.

Түйінді сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, компьютер

Аннотация

В статье рассматриваются информационно-коммуникационные технологии в инклюзивном образовании. Инклюзивное образование нуждается в обязательном сотрудничестве со специалистами специального и общего образования. Специалистам необходимо иметь возможность воспользоваться информационным материалом коррекционной педагогики и специальной психологии, а также словари, электронные библиотеки, сайты. На сегодняшний день существует множество сайтов поддержки инклюзивного образования. Благодаря этим сайтам возможно взаимодействие педагогов, родителей и детей ООП.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, компьютер

Abstract

The article deals with information and communication technologies in inclusive education. Inclusive education requires mandatory cooperation with specialists in special and general education. Specialists need to be able to use the information material of correctional pedagogy and special psychology, as well as dictionaries, electronic libraries, websites. Today, there are many websites supporting inclusive education. Thanks to these sites, interaction between teachers, parents and children of the SEP is possible.

Keywords: information and communication technologies, inclusive education, children with special educational needs, computer

Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями (ООП) является одним из главных направлений системы образования.